

ЖШС «Назира апа» бөбекжай балабақшасы

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 12 қыркүйек 2024жыл

Төрайымы: М.Достаева

Хатшысы: А.Ақжигитова

Барлық педагогтар саны:10

Қатысқан педагогтар саны: 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Заттық-пәндік дамыту орталықтарын орналастыру және тиімді ұйымдастыру. Әдіскер: А.Ақжигитова

1. ТЫҢДАЛДЫ: Әдіскер А.Ақжигитова «Заттық-кеңістіктік дамытушы орта» балабақша үшін маңызды мәселе болғандықтан биылғы жылғы нұсқау хатта да басым көрсетілгені айтылды. Онда баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдаланады. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға,қызығушылықтарыменмүмкіндіктерінесүйенеотырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Дамытушы орта мыналарды қамтамасыз етеді:

- Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды;
- Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда—оған қажетті жағдайлар жасауды;
- білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;
- Балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Заттық-кеңістік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар көрсетілді.

Олар: қауіпсіз;қолжетімді;әртүрлі;мазмұнды;көп атқарымды;өзгермелі;тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптардың сақталуы керектігі ескертілді.

Кіші топтарда

Танымдық ойыншықтар,қарапайым пазлдар,зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар,

оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

1) Ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдармен ойыншықтар, театрландырылған ойынға

арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

2) Ересек және мектепалды даярлық топтарында (сыныптарында):

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттермен карточкалар.

Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуымаңызды(арқан,қорап,сым,доңғалақтар,ленталаржәнет.б.).Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту ұсынылды.

Мектепке дейінгі ұйымдармен мектепалды даярлық сыныптарында заттық-кеңістіктік ортаны ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жарақтандыру ұсынылды.

III E III M:

1.Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы орта жабдықталып, жұмысы жандандырылсын

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы:



Достаева

АКЖИГИТОВА

ЖШС «Назира апа» бөбекжай балабақшасы»

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 20 ақпан 2025жыл

Төрайымы: М.Достаева

Хатшысы: А.Ақжигитова

Барлық педагогтар саны:10

Қатысқан педагогтар саны: 10

КҮН ТӘРТІБІ:

2. Мектепке дейінгі балалардың дамуында сюжеттік-ролдік ойындардың маңызы. Әдіскер: Болысбаева М

ТЫҢДАЛДЫ:

Сюжетті-ролдік ойынның міндеті баланың қызығушылығын туғызып, сезімін оятып, рухани- адамгершілік қасиеттерін арттыру болып табылатынын айта келе, психолог Д.Б.Элькониннің сюжеттік-ойындарға берген анықтамасын айтты. Ол: «Рөлдік немесе мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық ойыны дамыған түрде балалар өздеріне үлкендердің рөлін алатын және жалпы түрде арнайы жасалған ойын жағдайында үлкендердің әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты қайталау әрекеті» - деген екен. Шынында да, сюжеттік рөлдік ойындардың көзі - балаларды қоршаған әлемдегі заттар, адамдар, табиғат, өздері мен үлкендердің өмірі мен әрекеттері. Ол мектеп жасына дейінгі бала үшін ең қызық ойын, ойында бала іштей еркіндіктің сезімін, өзіне бағынышты заттарды, амалдарды, қатынастарды басынан өткізеді. Сюжеттік рөлдік ойындардың негізгі мазмұны: үлкендердің әр түрлі жағдайда көрініс беретін қоғамдық өмірі. Қазіргі заманның психологиялық –педогогикалық зерттеулерде сюжетті ойын - адамның кез келген іс-әрекеті сияқты - балада өз бетімен пайда болмайды, оны меңгерген, «ойнай алатын» өзге адамдар арқылы қалыптасатыны туралы көрсетілген. Сюжетті ойын тақырыбынан тыс өзінің ең қарапайым түрінде заттармен шартты әрекеттер тізбегі ретінде құрылуы мүмкін, күрделі түрінде - әр түрлі оқиғалардың бірізділігі ретінде құрылуы мүмкін. Көптеген зерттеулер негізінде 3-5 жастағы бала ойнайтын рөлдеріне еніп, оларды

біртіндеп алмастыра білу керек екендігі, заттармен әрекет ету және рөлі бойынша сөйлеу арқылы жүзеге асырылуы тиіс, құрдас-серіктеспен рөлдік қарым-қатынас құру тиіс екендігін көрсетті. Тәрбиеші балаларға көбінесе сюжетті – рөлді ойындарды ойнатқаны дұрыс. Себебі балалар ойын барысында өздеріне берілген рөлді аса жауапкершілікпен қабылдап, өздерін бір уақыт ересектер санатын қосып, ойлау қабілеттері дамиды.

III E III M:

1. Балабақшаның режимдік сәтінде орын алатын сюжеттік-ролдік ойындардың жұмысы жандандырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы:

Достаева

АКЖИГИТОВА



Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №3

Күні: 14 мамыр 2025 жыл **Қатысқаны:** 10

Төрайымы: М.Достаева

Хатшысы: А.Ақжигитова

Барлық педагогтар саны: 10

Қатысқан педагогтар саны: 10

Күн тәртібінде:

1. № 2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау
3. Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау
4. Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер

1.Тыңдалды: № 2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйледі: Меңгеруші М.А.Достаева педагогтар өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша портфолиоларын дайындап, педагогикалық кеңесте қорғап шықты. Кейбір тәрбиешілерге толықтырулар қажеттілігі айтылды. Тәрбиешілердің әлі де өздігінен ізденіп, жаңа технологияларды меңгеру деңгейі төмендігі, әр түрлі сайыстарға қатыспайтыны туралы айтылып, ескертулер берілді,-деді.

Шешім: Өткен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.

2.Тыңдалды: Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау

Сөйледі: Әдіскер А.Ақжигитова Біздің басты мақсатымыз: Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру стандартының негізгі ережелері мен талаптарын басшылыққа ала отырып, білім салаларында білім алу құзіреттіліктерін қалыптастыру. Сапалы білім беру жүйесінің ең алғашқы сатысы-мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу болса, баланың алғашқы құрылым институты отбасы болып саналады. Отбасы тәрбиесінің басты ерекшелігі балаға байланысты ең ерекше эмоциялық қатынасты қалыптастырады, өзіне деген сенімділігін арттырады. Ата-

ананың көрсеткен үлгісі, жеке тұлғалық дамуы отбасы тәрбиесінің нәтижесіне әсер етеді, баланы жан-жақты дамыту жүйесінде балабақша мен отбасының өзара байланысын анықтайды. Бөбекжайда қазіргі таңда 100 бүлдіршін тәрбиеленіп, білім алуда. Тәрбиеленушілерге тәлім-тәрбие беру жолында арнаулы және жоғары білімді педагогтар жұмыс істейді. Балабақшадағы оқу тәрбие жұмысы негізінен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік» бағдарламасымен жұмыс істейді. Қазіргі уақытта 4 топ мемлекеттік тілде жұмыс істейді. Әрбір топтағы тәрбие, білім беру өнегелі әдептерге үйретудегі жаңа технология әдіс-тәсілдерімен ойын түрлері арқылы жүргізілген тәрбие жұмыстары нәтижесін беруде. Бөбекжай оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарын жасап, бекітіп, сол бойынша біршама жұмыстар атқарды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы топтарда жүзеге асырылуда. Бес білім беру саласымен жұмыс жасау елеулі нәтижелер берді. Бөбекжайда оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, тәрбиешілерге және жас мамандарға арналған кеңестер жүргізілді. Әрбір топтағы тәрбие, білім беру-өнегелі әдептерге үйретуде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер мен ойын түрлері арқылы жүргізілетін тәрбие жұмыстары нәтижесін беруде. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін, танымдық қажеттіліктерін, тәрбиелеумен оқыту үрдісін ұйымдастыру іс-әрекеті барысында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануларын қамтамасыз ету, өз бетімен ізденулеріне қолдау көрсету мақсатында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары» тақырыбында пәктік-кеңес, «Баланың шығармашылық қабілетін жетілдіруде эстетикалық тәрбиенің ролы» диалог-кеңес, «Бөбекжайда педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуды өздігінен білім алу жағдайында іске асыру», «Ұрпақ тәрбиесі-ел болашағы» тақырыптарында семинар өтті. Онда педагогтар өзара іс-тәжірибелерімен бөлісіп, әдістемелік көмек алды. Оқу жылында педагогикалық ұжыммен «Педагогикалық ұжымының педагогикалық ғылыми жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибелерін тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарына қолдану», «Педагогтардың өздігінен кәсіби дағдыларының жүзеге асуының қалыптасуы», «Рухани жаңғырудың жарқын жолы» және «Әдістемелік жұмыстардың барысын қорытындылау» тақырыптарында педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогтар инновациялық технологиялармен, жаңа бағдарламалармен танысты. Өздерінің теориялық білімдерін жыл бойы балалардың жан-жақты дамуына мақсатты түрде бағыттап, түрлі әдіс-тәсілдерді практикалық тұрғыда қолдана білді. Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді балалардың тілдік дамыту жұмыстарында қолданып, соның нәтижесінде суреттер бойынша әңгіме құраудың, мазмұндаудың жаңа сызбасын әзірледі. 2025-2026 оқу жылында жылдық оқу жоспарына сай жұмыстар жүргізілді,- деді.

Шешім: жылдық оқу жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

3.Тыңдалды: Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау.

Сөйледі: әдістемелік бірлестік жетекшісі А.Ақжигитова 2025-2026 оқу жылында әртүрлі сайыстарға қатысып өздерін жан-жақты көрсете білген педагогтарды атап

Шешім: Ұсынылған педагогтар тізімі №1 педагогикалық кеңесте қарауға дайындалсын..

4. Тыңдалды: Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер

Сөйледі: Меңгеруші : М.Достаева келесі оқу жылында педагогтардың өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын жандандыру арқылы тәрбиеленушілерге заман талабына сай білім мен тәрбие беру, өзіндік білім жетілдіре отырып, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімді оқып-үйрену, жанаша білім мазмұнына сай құжаттарды толық толтыруды үйрену, тамыз кеңесіне баяндама оқитын педагогтар баяндамаларына дайындық жұмыстарын қарастырып, тақырыптарын бекітсін, - деді.

Педагогикалық кеңес төрайымы

Хатшы:



Достаева

Кжигитова